

		«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
Құжат атауы: Бастамашылықпен ақпарат беру саясаты			
Құжат түрі: Саясат	Код: KMTF-PT-151.1-07		
Әзірлеген: комплаенс-офицер Е.С.Мырзаханов _____ 20 ____ жылғы «__» _____	Тексерген: комплаенс-офицер Е.С.Мырзаханов _____ 20 ____ жылғы «__» _____	Бекітілді «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚ» ЖШС Қалғары ау кеңесінің шешімімен № 03-25/ЖК хаттама	

МАЗМҰНЫ

1. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	1
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
3. ІС-ӘРЕКЕТ АЯСЫ	3
4. ЖАУАПКЕРШІЛІК	4
5. ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ	4
6. ҚЫСЫМШЫЛЫҚ КӨРСЕТІЛМЕУІНЕ КЕПІЛДІК	8
7. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ОҚУ	8
8. ЕСЕПТІЛІК	8

1. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АНЫҚТАУЛАР

1.1. ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚТКФ	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҚР	Қазақстан Республикасы

1.2. АНЫҚТАУЛАР

Тәуелсіз сыртқы ұйым («Жедел желі»)	сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың әлеуетті бұзушылықтары немесе жасалғалы отырған бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдап алатын құпиялы ақпарат беру, сондай-ақ осы Саясатта көзделген өзге мәселелер жөніндегі тәуелсіз сыртқы ұйым
Лауазымды тұлғалар	Заңға, өзге құқықтық актіге немесе ҚТКФ ішкі құжатына сәйкес ҚТКФ атынан мүдделік танытуға уәкілетті қызметкерлер ҚТКФ Қадағалау кеңесі және ҚТКФ Басқармасының мүшелері
Мүдделер тартысы	ҚТКФ Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғасының жеке басының пайдасы немесе қызметі ҚТКФ мүдделеріне қайшы келетін немесе қайшылық тудыру ықтималдығы салдарынан оның өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармауына және ҚТКФ қатысты мәселелер жөнінде шешімдерді объективті қабылдамауға әкеліп соқтыруы мүмкін кез келген жағдайлар немесе жағдаяттар
Контрагент	ҚТКФ шарт/келісім жасасқан не болмаса жасасуын жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға
Сыбайлас жемқорлық	кез келген нысанда, соның ішінде пара мен параға коммерциялық сатып алу түрінде тікелей немесе делдалдар арқылы материалдық және материалдық емес заңсыз пайда табу, ұсыну, уәде беру, пара беру-алу; және/немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекетін жүзеге асыру кезінде Делдалдық, және/немесе қызметтік жағдайын теріс пайдалану, уәкілеттіктерін теріс пайдалану, сондай-ақ жеке тұлға бола отырып қызметтік жағдайын ҚТКФ заңды мүдделеріне қарсы заңсыз пайдалану, соның ішінде заңсыз пайда табу мақсатында өзі немесе үшінші тұлғалар үшін материалдық және материалдық емес не болмаса

	атап көрсетілген тұлғаға басқадай жеке тұлғалар арқылы осы сияқты пайда табуды заңсыз ұсыну
Жариялылық есептілігі	Көпшілік жұртшылық үшін қолжетімді ҚТКФ қызметі туралы ақпарат (<i>қаржы есептілігі, жылдық есептемелер</i>)
Қызметкер	ҚТКФ еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты тікелей еңбек шарты бойынша орындайтын адам, сондай-ақ агенттіктер арқылы шарт бойынша және азаматтық-құқықтық сипатындағы шарт бойынша тартылатын өзге адамдар
Субъект	өзіне қарсы немесе өзіне қатысты хабарлама/ақпарат/арыз берілген ҚТКФ қызметкері
Үшінші тұлға	ҚТКФ тапсырыс берушілері, жеткізушілері, мердігерлері, қосалқы мердігерлері және өзге контрагент тұлғалар

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Осы ҚТКФ бастамашылықпен ақпарат беру саясаты (бұдан әрі – Саясат) ҚТКФ жол берілген бұзушылықтар туралы ақпаратты (*хабарламалар, өтініштер, шағымдар*) беру тәртібін айқындайды.

2.2. Осы Саясаттың мақсаты қызметтік жағдайды теріс пайдалануды, сондай-ақ лайықсыз мінез-құлықты қоса алғанда мүдделер тартысын, алаяқтықты, сыбайлас жемқорлық белгілерін болдырмау және осыларға қарсы іс-қимыл жасау болып табылады.

3. ІС-ӘРЕКЕТ АЯСЫ

3.1. Осы Саясаттың ережелері ҚТКФ қызметкерлеріне қатысты олардың лауазымына қарамастан тепе-тең деңгейде қолданылады. ҚТКФ әрбір қызметкері осы Саясатпен танысуға және оның ережелері мен талаптарын ұстануға міндеттенеді.

3.2. Қызметкерлер ҚТКФ, оның Қызметкерлері мен Контрагенттерінің сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа немесе өзге заңға қайшы келетін іс-әрекетке қатысуы фактілері немесе қатысуы мүмкіндігі туралы Жедел желіге хабарлауға міндетті.

3.3. ҚТКФ Контрагенттерінің өкілдері ҚТКФ, оның Қызметкерлері мен Контрагенттерінің сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа немесе өзге заңға қайшы келетін іс-әрекетке қатысуы фактілері немесе қатысуы мүмкіндігі туралы Жедел желіге хабарлауға құқылы.

3.4. Комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға «Жедел желі» қызметін қамтамасыз етеді және келіп түскен хабарламаларды қабылдап алу, өңдеу және оларға ден қою бойынша іс-әрекет және оны үйлестіру бөлігінде жауапты болады.

3.5. ҚТКФ Қызметкерлері ҚТКФ Іскерлік этика кодексіне сәйкес ҚТКФ Іскерлік этика кодексінің ережелерін бұзушылыққа жол беру фактілері туралы ақпаратты, соның ішінде паракорлық, сыбайлас жемқорлық, мүдделер тартысы, бухгалтерлік және қаржы есептілігіне қатысты белгіленген талаптардың бұзушылықтары, алаяқтық (*уәкілеттіктерін теріс пайдалануды, ҚТКФ мүлкін иеленуді немесе талан-*

таражсга салуды, мүкітік залал келтіруді қоса алғанда, бірақ осылармен шектелмейтін) әділетсіз бәсекелестік, қонақжайлық пен сыйлық алуға қатысты, бірақ осылармен шектелмейтін талаптардың бұзушылықтары туралы ақпаратты Жедел желіге хабарлауға тиіс.

3.6. Кез келген белгілер бойынша кемсітушілік фактілері, еңбек даулары және өзге еңбек мәселелері туралы хабарламалар ҚМГ Омбудсменіне жолданады, ол барлық хабарламаларды ҚМГ ішкі рәсімдеріне және Іскерлік этика кодексіне сәйкес пысықтайды.

3.7. Осы Саясаттың іс-әрекеті Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексі шеңберінде келіп түскен хабарламаларға қатысты қолданылмайды және олар ҚТКФ бойынша қалыптасқан ішкі құжаттарға сәйкес пысықталады.

3.8. Қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соқтыруы мүмкін фактілер туралы ақпарат пысықталмайды. Абыржушылықты дәйекті танытқан адамға уәкілетті мемлекеттік органдарға өтініш білдіру қажеттігі туралы хабарланады. Осы адам уәкілетті мемлекеттік органдарға өтініш білдіру қажеттігі туралы хабарлама беру мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда, ақпарат кейінгі уақытта оны пысықтау және уәкілетті мемлекеттік органдарға беру үшін ақпараттық және корпоративтік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшеге беріледі.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлғаға мыналар үшін жауапкершілік жүктеледі:

4.1.1. осы Саясатты өзектендіру;

4.1.2. жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерді осы Саясат ережелерімен таныстыру.

5. ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

5.1. Қызметкерлерге және өзге тұлғаларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және ішкі құжаттардың сақталмауы жағдайлары туралы белгілі болған жағдайда, олар осы Саясаттың 5.2. тармағында көзделген тәртіппен осы жайлы неғұрлым тез арада хабарлауға тиіс.

Осы ретте, Қызметкерлер ашып жария етілетін ақпараттың дәйекті болуын және осы сияқты ақпараттың адалдықпен ашып жария етілуін қамтамасыз етуге тиіс. Осымен бірге, Қызметкерге немесе үшінші тұлғаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың немесе ҚТКФ ішкі құжаттарының сақталмауына қандай да болмасын тергеу жүргізу талабы қойылмайды.

5.2. Қызметкерлер мен өзге тұлғалар әлеуетті бұзушылық туралы абыржушылығын өз еркімен хабарлауы мүмкін:

5.2.1. Қызметкерлер тікелей өз басшысының атына өтініш білдіруі мүмкін. Осы жағдайда хабардар ету оның өзімен жеке кездесу арқылы немесе жазбаша нысанда жүзеге асырылады. Егер хабардар ету жазбаша нысанда жүзеге асырылған жағдайда, Қызметкер абыржушылық тудырған мәселені басынан-аяғына дейін оның

хронологиясын баяндау арқылы осы сияқты абыржушылық себептерін атап өткен жөн.

5.2.2. Қызметкерлер, егер пысықталуға жататын мәселе тікелей басшыға қатысты болып Қызметкер осы мәселені тікелей өз басшысымен талқылауға қарсы болса, ол осы мәселе бойынша Бас директорға (Басқарма төрағасы) өтініш білдіруі мүмкін. Осы ретте, аталмыш мәселе және оның абыржушылық тудырып отырған себептері жазбаша нысанда нақты баяндалған жөн.

5.2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпалдасу мақсатында Қызметкер Бас директордың (Басқарма төрағасы) атына өтініш білдірген кезде ол Бас директорды (Басқарма төрағасы) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпалдасуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпалдасуы туралы ақпараттың ашып жария етілмеуі туралы келісімді жасасқаннан кейін ғана ниет білдіретіні туралы ескертеді, бұл жағдайда оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпалдасуы туралы ақпараттың ашып жария етілмеуі талабы қойылады.

Бас директор (Басқарма төрағасы) өтініш білдірген сәтінен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей осы тармақ бөлігінде көрсетілген тұлғамен құпиялы ақпараттың ашып жария етілмеуі туралы келісімді осы Саясатқа қоса берілген №1 Қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша жасасады.

5.2.4. Тікелей/жетекші басшылар немесе Бас директор (Басқарма төрағасы):

- 1) ықтимал бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламаларды қабылдап алады;
- 2) Қызметкерлердің осы Саясатпен белгіленген тәртіппен таныстырылуын қамтамасыз етеді;
- 3) Қызметкерлер үшін олардың өз абыржушылығын оңтайлы таныту мүмкіндігін беретін ашық ортаны уәждемелейді;
- 4) тиісті тәртіппен хабарламаларды пысықтайды;
- 5) абыржушылық танытқан адамға ұсыныс жасау мүмкіндігін пысықтайды немесе осы мәселемен жеке өздері айналысады;
- 6) тергеу жүргізу қажеттігін пысықтайды;
- 7) мүмкіндігіне қарай абыржушылық мәселесін шешеді;
- 8) осы мәселені шешу мүмкіндігі болмаған кезде оны комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлғаның қарауына жолдайды.

5.2.5. Қызметкерлер комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлғаға өз атынан өтініш білдіруі мүмкін.

Егер Қызметкер абыржушылық тудырып отырған мәселені талқылауды жөн көрмеген жағдайда, ол тікелей/жетекші басшыны немесе Бас директорды (Басқарма төрағасы) хабардан етуден бөлек комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлғаға жазабаша түрде өтініш білдіруі мүмкін. Қызметкерлерге ақпаратты осы Саясатқа қоса берілген №2 Қосымшаға сәйкес хабарламада көрсету ұсынылады.

5.3. Қызметкерлер және өзге тұлғалар Сыртқы тәуелсіз ұйымға құпиялы негізде және анонимді түрде өтініш білдіруі мүмкін. Жедел желінің байланыс телефондары ҚТКФ ресми веб-сайтында жарияланады.

Жедел желі байланысының арналары бойынша берілген барлық хабарламаларды комплаенс функциясы үшін жауапты тұлға өңдейді.

Ақпарат мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде берілуі мүмкін.

Ақпарат Жедел желіге анонимді нысанда хабарлануы мүмкін. Алайда, анонимді хабарлама берілген кезде оған тиісті тәртіппен ден қою бірқатар қиыншылықтарды тудырады, өйткені қосымша мәліметті алу немесе Өтініш беруші берген ақпаратты ашып жария ету қажеттігі туындауы мүмкін. Өтініш беруші туралы деректердің болуы және онымен қатынаста болу мүмкіндігі осы келіп түскен хабарламаны неғұрлым мұқият және тиімді пысықтау мүмкіндігін береді. ҚТКФ Өтініш білдірушілердің оларға алдағы уақытта тергеу жүргізуде көмек көрсету және Өтініш берушілерді қол жеткізілген нәтижелер туралы хабардар ету үшін өз есімдерін хабарлауын сұрайды.

ҚТКФ Өтініш берушінің анонимдігін ашып жария ету заңнамамен талап етілген жағдайларды қоспағанда Өтініш берушінің анонимдігін бұзбайды.

Тәуелсіз сыртқы ұйым барлық келіп түскен хабарламаларды комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлғаға құпиялылық негізінде береді, сондай-ақ, егер Өтініш беруші анонимдігін сақтап қалғысы келсе - анонимдік негізінде береді.

5.4. Комлаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға жауапты тұлғаға және/немесе «Жедел желіге» келіп түскен барлық хабарламаларды ақпаратты хабарлау әдісіне және хабардар ету нысанына қарамастан пысықтауға міндетті.

5.5. Барлық келіп түскен хабарламаларды комлаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тобының комлаенс функциясының бірыңғай ақпараттық жүйесінде ашып көрсетеді.

5.6. Комлаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға бұзушылық туралы келіп түскен хабарламаларға қатысты алдын ала тексерісті хабарлама алынғаннан кейін мына тәртіппен жүргізеді:

5.6.1. Бұзушылық туралы хабарлама сипатының сәйкестігі анықталады. Егер ақпарат осы Саясаттың 3.6. тармағында көрсетілген фактілер ретінде берілген хабарлама түрінде болған жағдайда, комлаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға хабарламаны ҚМГ Омбудсменіне ақпараттың алынған сәтінен 24 сағат ішінде жолдайды және Өтінім берушіге осы сияқты ақпараттың жолданғаны туралы хабарлайды.

5.6.2. Егер ақпарат осы Саясаттың 3.5., 3.6. тармақтарында көрсетілген ақпарат болып танылмаған жағдайда, сондай-ақ кез келген Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзге қолданыстағы заңнаманы немесе ҚТКФ ішкі құжаттарын бұзу туралы ақпарат ретінде танылмаған жағдайда, келіп түскен хабарламаға колмплаенс-функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға ден қоймауға құқылы. Осы сияқты жағдайда келіп түскен материалдар құжатталып, келіп түскен ақпаратқа ден қоймау туралы жазба белгісі жасалады.

5.6.3. Бұзушылық туралы хабарламаның маңыздылығы, мұндағы ақпараттың дәйектілігі, сондай-ақ ақпарат көзіне сенімді болу деңгейі бағаланады. Егер, келіп түскен ақпараттың маңыздылығы, дәйектілігі немесе Өтінім берушіге сенімді болу

ықтималдығы расталмаған жағдайда, келіп түскен материалдар құжатталып, келіп түскен ақпаратқа ден қоймау туралы жазба белгісі жасалады.

5.6.4. Келіп түскен ақпаратқа ден қою қажеттігі жөнінде шешім қабылданған жағдайда, осы сияқты хабарлама ҚТКФ ішкі құжаттарына сәйкес пысықталатын болады. Келіп түскен ақпаратты пысықтау мақсаты бұзушылық ықтималдығы не болмаса жасалған бұзушылық туралы ақпарат дәйектілігін растау және ішкі тергеу нәтижелері бойынша тиісінше шараларды қажеттігіне қарай қабылдау болып табылады.

5.7. Егер алдын ала тексеріс нәтижелері бойынша хабарламада баяндалған дәлелдемелерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар байқалған жағдайда:

5.7.1. тексеріс материалдары оларды кейінгі уақытта заңнаманың талаптарына сәйкес құзырлығы бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына жолдау жөнінде шешім қабылдау үшін ҚТКФ Бас директорына (Басқарма төрағасы) жолданады;

5.7.2. егер хабарлама Бас директорға (Басқарма төрағасы) қатысты болса, тексеріс материалдары оларды заңнаманың талаптарына сәйкес құзырлығы бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына жолдау мәселесін пысықтау үшін ақпараттық және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшеге және ҚМГ Комплаенс қызметіне жолданады.

5.8. Осы Саясаттың 5.6. тармағында көрсетілген іс-әрекет бұзушылық туралы әрбір хабарлама/күдіктену бойынша неғұрлым қысқа мерзімде, бірақ ақпараттың алынған сәтінен бастап 72 сағат ішінде жүргізілуге тиіс.

5.9. Комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға Бас директорды (Басқарма төрағасы) кез келген мына хабарламалар туралы тез арада хабардар етуге тиіс:

5.9.1. елеулі алаяқтықпен немесе ҚТКФ бизнес жүргізуіне теріс әсерін тигізуі мүмкін басқадай заңсыз қызмет түрлерімен байланысты немесе байланысты болуын жорамалдайды;

5.9.2. ішкі бақылаудың жеткіліксіз немесе қалыптасқан процестің тиімсіз болуы туралы елеулі немесе кеңінен таралған фактісімен байланысты немесе байланысты болуын жорамалдайды;

5.9.3. осы фактілер жария болған жағдайда, олардың ҚТКФ беделіне едәуір нұқсан келтіруі мүмкіндігі немесе ҚТКФ жұртшылық алдындағы есептілігінде айтарлықтай айырмашылықтарға әкеліп соқтыруы мүмкіндігі немесе ҚТКФ жариялылық есептілігіне өзгерістерді енгізу немесе оны қайтара түзіп жасау талабын қою мүмкіндігін жорамалдайды.

5.10. Кері байланыс үшін байланыс деректері берілген жағдайда, комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға хабарламаның алынғаны туралы оның қалай алынған әдісіне қарамастан 72 жұмыс сағаты ішінде жазбаша жауап беру арқылы хабарлайды.

6. ҚЫСЫМШЫЛЫҚ КӨРСЕТІЛМЕУІНЕ КЕПІЛДІК

6.1. Комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға, сондай-ақ хабарламаларды пысықтауға тартылған өзге қызметкерлер өз қызметтік міндеттерін орындау шеңберінде Жедел желіге берілген ақпаратты пайдалануға міндетті.

6.2. ҚТКФ бұзышылық туралы хабарламаны жолдаған Өтініш берушінің ҚТКФ қызметкерлерінің немесе оның контрагенттері өкілдерінің осы сияқты Өтініш берушімен жолданған бұзушылық туралы хабарламадан туындайтын кез келген теріс көріністерінен немесе іс-әрекетінен қорғалуын қамтамасыз етеді.

6.2. Бұзушылық туралы хабарлама берген қызметкерге немесе үшінші тұлғаға қысымшылық көрсетуге жол берілмейді және хабарламада баяндалған фактілер расталмайтын болса да ол салмақты тәртіптік теріс қылық ретінде пысықталмайды. Қызметкердің құқықтары мен мүдделері толықтай қорғалады, соның ішінде оның жұмыс орны сақталатын болады.

6.3. Арам пиғылда әрекет жасаған немесе жеке басына пайда көру мақсатында және/немесе қасақана жала жапқан қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

7. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ОҚУ

7.1. ҚТКФ Саясатты ашық талқылауға ниет білдірген және оны жетілдіру бойынша кез келген конструктивті ұсыныстарға оң көзқарасын білдірген қызметкерлерді қолдайды.

7.2. ҚТКФ Қадағалау кеңесі Саясатты өзектендіру және жетілдіру мақсатында оның талаптарын тұрақты негізде *(қажеттігіне қарай не болмаса екі жылда бір мәрте)* пысықтайды және қажеттігіне қарай оған өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізіп отырады.

7.3. Саясат әрбір Қызметкер үшін түсінікті және қолжетімді болуға тиіс. Бос қызмет орындарына конкурстық іріктеу жүргізу және персоналды бейімдеу қағидасына сәйкес жұмысқа жаңадан қабылданған барлық Қызметкерлер бейімделу кезеңінің шеңберінде осы Саясатпен танысуға тиіс.

7.4. Қызметкерлердің Жедел желі туралы хабардар болуы деңгейін арттыру мақсатында комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға хабарламаларды ҚТКФ Қызметкерлері арасында тұрақты негізде таратып отыру міндетін жүзеге асырады, сондай-ақ ақпаратты ҚТКФ веб-сайтында жариялайды.

8. ЕСЕПТІЛІК

8.1. Комплаенс функциясын іске асыру үшін жауапты тұлға мерзімді есептілік шеңберінде келіп түскен хабарламалар бойынша жүргізілген тергеу мәртебесі туралы ҚТКФ Қадағалау кеңесі алдында есеп береді. Ақпарт мыналарды қамтиды:

8.1.1. келіп түскен хабарлама саны;

8.1.2. осы бойынша тергеу жүргізілген релевантты хабарламалар саны *(тергеу жүргізуге қабылданған және осылар бойынша қандай да болмасын фактілер немесе алдын ала ақпарат болған);*

8.1.3. хабарламаның расталғаны немесе расталмағаны туралы ақпарат (*ішінара расталған жағдайда (егер хабарламалардың ішінара бөлігі расталған жағдайда) расталғанын жазып көрсету қажет болады*);

8.1.4. қабылданған тәртіптік және/немесе түзету шаралары туралы ақпарат (*орындалу мерзімін және орындау артықшылығын көрсете отырып*);

8.1.5. бұзушылық жасалған қызмет саласы (*сатып алулар, еңбек даулары, мүдделер қақтығысы, алаяқтық және т.б.*)

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға
ықпалдасуы туралы ақпараттың жария етілмеуі туралы келісім**

20 __ жылғы «__» _____

(елді мекен)

Бұдан әрі бірлесе «Тараптар» деп аталатын, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, оның атынан ҚТКФ Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Басшы тұлға» деп аталатын _____ бір тараптан

және _____
(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

бұдан әрі «Қызметкер» деп аталатын _____,
(компания қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 22-бабының 1-тармағының 26) тармақшасын және 23-бабының 2-тармағының 29) тармақшасына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 24-бабының 1, 2, 4-тармақтарына және 24-1 тармағының 2) тармақшасына, 24-3 тармағының 2-тармағына сәйкес осы Келісімді мыналар турасында жасасты:

Шарт мәні

1.1. Осы Келісіммен Тараптар осы Келісімнің 2.1., 2.2. тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда Қызметкердің ҚТКФ _____

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық мәні)

немесе ҚТКФ _____

(сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзге ықпалдасу мәні)

туралы Басшыға хабарлау мақсатында өтініш білдіргені туралы ақпараттың жария етілмеуіне кепілдік береді.

Тараптардың міндеттері

2.1. Қызметкер мыналарға міндеттенеді:

1) осы Келісім жасасқаннан кейін Басшыға ҚТКФ еңбек ету барысында өзіне белгілі болған жасалғалы, жасалып отырған немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы ақпаратты (және) немесе ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзгеше ықпалдасуына бағытталған ақпаратты дереу хабарлауға;

2) Басшыға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы көрінеу жалған ақпарат бермеуге;

3) құпиялы ақпаратты мына тұлғалардан басқасына жария етпеуге:

- Қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған не болмаса оның осы іс бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзгеше ықпалдасуы бойынша іс жүргізуге қатысқан уәкілетті мемлекеттік органдардың және соттардың лауазымды тұлғалары;

- Қызметкерге біржолғы ақшалай сыйақы төлемінің жүргізілуін жүзеге асыруға қатысқан тиісінше уәкілетті мемлекеттік органның және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті органның тиісінше лауазымды тұлғалары;

4) ҚТКФ келісу комиссиясына жеке еңбек шартын пысықтау туралы өтініш Қызметкердің осы Келісімнің 1.1. тармағында көрсетілген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзгеше ықпалдасуы фактісі туралы хабарламасын уәкілетті мемлекеттік органдардың алған күнінен үш жыл ішінде берілген жағдайда, Басшыны келісу комиссиясының жақын арада жеке еңбек дауын пысықтауы туралы келісу комиссиясына өтініштің берілген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге тиіс;

5) өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратты жеке басының пайдасына немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін қолданбауға;

6) осы Келісімнің сақталуын қамтамасыз етуге;

7) Қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпалдасуына байланысты бөгде адамдармен құпиялы ақпаратты немесе өзге мәліметті алуға әрекет жасалған жағдайда, құпиялы ақпаратты жария етпеу туралы өзара келісім жасасқан Басшыны осы жайлы дереу хабардар етуге.

2.2. Басшы мыналарға міндеттенеді:

1) Қызметкерден жасалғалы отырған, жасалып отырған немесе жасалған сыбайлас жемқорлық бұзушылығына қатысы жоқ ақпаратты талап етуге;

2) Қызметкерден алынған жасалғалы отырған, жасалып отырған немесе жасалған сыбайлас жемқорлық бұзушылық туралы ақпаратты және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзгеше ықпалдасуы туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға тез арада беруге, бұл жағдайда уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды тұлғасымен құпиялы ақпаратты жария етпеу туралы өзара келісімді жасасу талабы қойылады;

3) құпиялы ақпаратты мыналардан басқа адамдарға жария етпеуге:

- осы туралы Қызметкер хабарлаған не болмаса осы іс бойынша Қызметкер өзгеше ықпалын тигізген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуге қатысқан уәкілетті мемлекеттік органдардың және соттардың лауазымды тұлғалары;

- осы тармақтың 4), 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда ҚТКФ келісу комиссиясының, тәртіптік комиссияның мүшелері;

- ҚТКФ келісу комиссиясының отырысына шақырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның лауазымды тұлғалары.

4) ҚТКФ келісу комиссиясы Қызметкер тараппен туындаған жеке еңбек дауын пысықтаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органның осы Келісімнің 1.1. тармағында көрсетілген Қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарламасын қабылдап алған күнінен немесе оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзге ықпалдасқан сәтінен бастап үш жыл

ішінде келісу комиссиясының мүшелерін осы Келісім туралы келісу комиссиясына Қызметкердің өтініш білдірген күні хабардар етуге;

5) ҚТКФ келісу комиссиясының отырысына шақырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның лауазымды тұлғасының құпиялы ақпаратты жария етпеуі туралы келісімге қол қоюын қамтамасыз етуге;

6) жасалғалы отырған. Жасалып отырған немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратты және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға өзге ықпалын тигізу туралы жолданып, Қызметкермен алынған ақпаратты жеке басының пайдасына немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін қолданбауға;

7) осы Келісімнің сақталуын қамтамасыз етуге;

8) бөгде адамдар Қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпалдасуына байланысты құпиялы ақпаратты және өзге мәліметті алуға әрекеттенген жағдайда, құпиялы ақпаратты жария етпеу туралы өзара келісім жасасқан уәкілетті мемлекеттік органға осы туралы хабарлауға.

Қорытынды жағдайлар

3.1. Осы Келісімге қол қою арқылы Қызметкер мен Басшы оларға құпиялы ақпаратты жария еткені үшін олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертілгенін растайды.

3.2. Осы Келісім Тараптардың оған қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді және Қызметкер мен ҚТКФ өзара жасасқан еңбек шартының әрекет ету мерзімі ішінде, ал оның әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін – мерзімсіз іс-әрекетте болады.

3.3. Осы Келісім бірдей заңды күшіне ие әрбір Тарап үшін бір-бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде түзіп жасалды.

Тараптардың мекен-жайы, деректемелері және қолы

Басшы:

Ұйымның атауы

БЖН _____

Заңды мекен-жайы:

Байланыс телефоны

Қызметі:

_____ / _____

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

Қызметкер:

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Жеке басын куәландыратын құжат

№ _____

_____ жылғы «__» _____

_____ берілді

ЖСН

Тұрғылықты мекен-

жайы _____



Бастамашылықпен ақпарат беру саясаты

Саясат

KMTF- PT-151.1-07

14 беттің 13-беті

МО

Байланыс телефоны

(қолы) / (тегі, аты-жөні)

Осы Келісім данасын алдым:

(тегі, аты-жөні) / _____
(қолы)

Күні: 20____ жылғы «____» _____

№ 2 қосымша

Хабарламада көрсетілуге тиіс ақпарат тізбесі

- Байланыс деректері (Өтініш беруші өз қалауынша көрсетеді):
 - тегі, аты, әкесінің аты – Өтініш берушінің мәртебесі (ҚТКФ Қызметкері немесе ҚТКФ Контрагентінің өкілі, үшінші тұлға);
 - байланысу үшін ақпарат (телефон нөмірі, электрондық пошта)
- Хабарлама тақырыбы (мәселен, сыбайлас жемқорлық, парақорлық, алаяқтық, мүдделер тартысы)
- Бұзушылық туралы егжей-тегжейлі хабарлама: құқық бұзушылық түрі, болған уақыты, болған жері және қалайша болғаны не болмаса жоспарланған құқық бұзушылық, оған жол берген адам, осы бұзушылықтың ҚТКФ компаниясына қатыстылығы. Сондай-ақ, хабарламаны пысықтау үшін қажетті кез келген өзге ақпарат
- Қосымша сауалдар:
 - Сізге хабарласқанымызды қалайсыз ба? (егер хабарласқанымызды қалайтын болсаңыз, байланыс деректерін көрсетіңіз)
 - Хабарламаңыздың пысықталу нәтижелері туралы ақпарат алғыңыз келе ме?
 - Бұзушылық туралы хабарламада баяндалған фактілерді райстайтын құжаттарды немесе өзге материалдарды беру мүмкіндігіңіз бар ма?